«МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ»

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

10.01.2023ж № 2 нқ

Ақтау қаласы город Актау

**Қолайсыз ауа райы метеожағдайларында орта білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында сабақтарды тоқтату туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14-2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 18 қаңтардағы №42 «Қолайсыз ауа райы метеожағдайларында орта білім беру ұйымдарында, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында сабақтарды тоқтату қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Бекітілсін:

1) Маңғыстау облысының географиялық, климаттық жағдайларына сәйкес, сондай-ақ аумақтық мүдделі мемлекеттік органдардың (Маңғыстау облысының Төтенше жағдайлар департаменті) келісімімен білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру ұйымдарында сабақты тоқтату кезінде қолайсыз ауа райы метеожағдайларының ұсынылатын көрсеткіштері (1- қосымша).

2) Ата-аналар мен білім алушыларға уақытында хабарлауға жауапты тұлғаларды, нысандар мен әдістерді көрсетіп, жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып, қолайсыз ауа райының метеожағдайларына байланысты сабақтың болмайтындығы туралы ата-аналар мен білім алушыларды уақытында хабардар ету жүйесі (2-қосымша).

2. Аудандық, қалалық білім бөлімдерінің басшылары:

1) Қашықтықтан оқыту нысанына көшірілген жағдайда сабақ тоқтатылған күндері сабаққа келген білім алушылар үшін сабақтың барлық түрлері (оқу, қосымша, үйірмелік, ұзартылған күн топтарының жұмысы), ыстық тамақпен қамтамасыз ету бірінші басшы бекіткен және құрылтайшы келіскен сабақ кестесіне сәйкес толық көлемде жүргізілсін.

2) Егер қолайсыз ауа райы метеожағдайларында сабақ қатарынан 5 күннен астам уақыт болмаған жағдайда, оқу пәндерінің мазмұнын біріктіру, резервтегі сағаттар мен қайталауға кеткен сағаттар есебінен құрылтайшының келісімі

000657

бойынша білім беру ұйымының жылдық күнтізбелік-тақырыптық жоспарына түзету енгізілсін.

3. Мектепке дейінгі және жалпы орта білім бөлімі (К. Кулатаева):

Осы бұйрықтың Білім басқармасының, білім бөлімдерінің, білім беру ұйымдарының интернет-ресурстарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалысын бақылау басқарма басшысының орынбасары Г. Мамаеваға жүктелсін.

**Басқарма басшысы** **Д. Жұмашева**

**«Келісілді»**
Маңғыстау облысының
Төтенше жағдайлар
департаменті бастығының міндетін атқарушы,
подполковник ___________Н.У. Айжарыков
«_____» _______________2023 жыл

Маңғыстау облысының
білім басқармасы
басшысының уақытша
міндетін атқарушының
«10» 01 2023 жылғы
№ 2 нқ бұйрығына
1-қосымша

**Маңғыстау облысының білім беру ұйымдарында сабақты тоқтату кезінде қолайсыз ауа райы метеожағдайларының ұсынылатын көрсеткіштері**

| **Ауа температурасы** | **Желдің жылдамдығы** | **Сабақтарды тоқтату үшін** |
|---|---|---|
| -24-25 және одан төмен | 2-4 м/с және одан жоғары | 1-4 сынып |
| -25-27 және одан төмен | 2-4 м/с және одан жоғары | 1-9 сынып |
| -27-29 және одан төмен | 2-4 м/с және одан жоғары | 1-11сынып |
| -29-30 және одан төмен | 2-4 м/с және одан жоғары | колледждер |

Маңғыстау облысының
білім басқармасы
басшысының уақытша
міндетін атқарушының
«10» 01 2023 жылғы
№ 2 нқ бұйрығына
2-қосымша

**Қолайсыз ауа райы метеожағдайларына байланысты Маңғыстау облысының білім беру ұйымдарында сабақтардың тоқтатылуы туралы ата-аналар мен білім алушыларға хабардар ету жүйесі**

Білім беру ұйымдарында сабақтар сабақтың тоқтатылуын жариялау үшін қолайсыз ауа райы метеожағдайларының бекітілген ұсынылған көрсеткіштері негізінде жүргізіледі және білім беру ұйымы басшысының не оны алмастыратын тұлғаның бұйрығымен ресімделеді және тиісті мемлекеттік білім беруді басқару органының назарына бірінші ауысым үшін сағат 6.00-ден 7.00-ге дейін, екінші және үшінші ауысымдар үшін сағат 10.30-дан 12-ге дейін жеткізіледі.

Оқу сабақтарын тоқтату туралы бұйрықта көрсетіледі:

1) сабақ тоқтатылған сыныптар, топтар;

2) білім беру ұйымының жұмыс істеу режимі;

3) оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың барлығының аталған бұйрықпен танысуына бақылауды жүзеге асыратын білім беру ұйымы әкімшілігінің тарапынан жауапты тұлғалар;

4) білім алушыларды қабылдауды және үйлеріне қауіпсіз жіберуді жүзеге асыратын педагогтер тарапынан жауапты тұлғалар.

Сабақты тоқтату туралы бұйрық бекітілгеннен кейін тез арада білім беру ұйымының ресми сайтында және ақпараттық стендінде орналастырылуы тиіс.

Интернаттық білім беру ұйымдарында қолайсыз ауа райы метеожағдайларында сабақты тоқтату білім алушылардың тұрғылықты жағдайы ескеріле отырып жүргізіледі.

Қолайсыз ауа райы метеожағдайларында сабақтың тоқтатылатындығы туралы ақпарат халыққа төмендегі бір немесе бірнеше тәсілдер арқылы жеткізіледі:

1) телевидениедегі жүгірпе жол түрінде;

2) радиодан тарату;

3) білім басқармасы мен білім бөлімдерінің сайттары арқылы;